

*Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта
білім беретін мектеп*

*Педагог психологтарының 2022-2023 оқу
жылындағы атқарылған жұмыстары туралы
мәліметі*

2022-2023 оқу жылы



2022-2023 оқу жылындағы педагог-психологтарының қыркүйек, қазан айларында жүргізілген жұмыстар бойынша жазбаша мәлімет

Тамыз айында жаңа оқу жылына диагностика, түзету-дамыту, алдын-алу, ағарту жұмыстары бойынша жоспарлар жасалынып бекітілді. Бестерек жобасы аясында кабинеттік талдау, далалық зерттеу материалдары жинақталды.

Тамыз айының 25-30 аралығында бірінші сыныпқа қабылданған оқушылардың оқу мотивациясын анықтау үшін балаларға жас ерекшелігіне қарай сұрақ-жауап, суретті әдістемелер Керн -Ирасек әдістемесі бойынша ер адамның бейнесін салу арқылы зерттеу жүргізілді. Өткізілген зерттеулер бойынша оқушылар үш деңгейге бөлінді. Жалпы бірінші сынып бойынша оқушылар саны- 64 .


Жоғарғы деңгейде 18, орта деңгейде 37, төменгі деңгейде 9 оқушы бөлініді. Төмен деңгейдегі оқушылармен қыркүйек айына қосымша жұмыстардың жоспарлары жасалынды.

Қыркүйек айында диагностика түзету-дамыту жұмыстары бойынша материалдар дайындалды.

1-5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша «Мен» өзін бағалау деңгейлері анықталып, 5-сынып оқушыларымен тренинг жаттығулар жүргізілді.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты дамыту сабақтары түзілді. «5-ші сынып дегеніміз не?», «Сөйлемді жалғастыр», «Мен қандаймын», «Сезім әлемі» жаттығулары өткізілді.

Бірінші сынып оқушыларының және мектепке жаңадан келген оқушылардың темперамент типтері анықталды, сыныппен қарым-қатынасы жайлы, достары жайлы әңгіме жүргізілді. Жаңа оқу жылында оқушылардың психологиялық карталары жаңартып толтырылды. Оқушылардың мектепке бейімделу адаптациясына ата-аналарға, мұғалімдерге кеңес берілді.



3,4,5- сынып оқушыларынан Луканскидің «Оқу мотивациясын анықтауға» сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша төмен деңгейде 3-сыныптар бойынша-3 оқушы, 4-сыныптар бойынша -2 оқушы, 5 сыныптар бойынша-1 оқушы есепке алынды. Оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді.

Бестерек жобасы аясында кабинеттік талдау бойынша әлеуметтік педагогтардан, медбикеден, мектеп инспекторынан, сынып жетекшілерден мектеп бойынша денсаулығы жағынан, әлеуметтік педагогтардың санатында тұратын оқушылардың тізімдері жинақталды. Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау жұмыстары жүргізілді.

Қазан айының 1-2 аптасында Бестерек жобасы аясында 5-11 сыныптарға далалық зерттеу жұмыстары алына бастады. Далалық зерттеу бойынша 5-8 сыныптарынан «Менің обасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым» тақырыбында эссе психологиялық сауалнама, Үй адам ағаш! Суретті әдістеме алынды. Жалпы «Бестерек» жобасы аясындағы екі кезең бойынша қызыл, жасыл, сары деңгейге 108 оқушы анықталды. Олардың ішінен тәуекел тобына бір оқушы алынды. Анықталған бір оқушыға жеке жоспар жасалып, түзету-дамыту сабақтары өткізілді.



Үйде оқытылатын оқушылар 8 а сынып оқушысы Ақжолтай Қарақат, 6 ә сынып оқушысы Әбілқасын Жансерік, 6а сынып Бақыт Азамат, 6 б сынып Мажитов Жолдыбайға диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Баланың көңіл-күйін анықтауға, танымдық қабілеттерін анықтауға әдістемелер қолданылды. Геометриялық мандадалармен жұмыстар жүргізілді.

3,4 сынып оқушыларының аутодеструктивті мінез-құлықты анықтауға, «Табиғатта жоқ жануар», психологиялық сауалнама алынды.

Сұраныс бойынша 5-11 сынып оқушыларынан 3 оқушы тізімге алынып жеке жұмыстар, ата-анасымен жеке кеңестер жүргізілді.

9а,ә,б сынып оқушыларынан Климовтың «Мамандық таңдау» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушыларды бес бағытқа бөлініп, бейінді бағыттары көрсетілді. Оқушылар мамандық бағыттарымен танысты.

«Мен мамандық әлеміндемін», «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді.

Қыз –Жібек қыздар клубы бойынша 7-10 сынып оқушылары арасында «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында дөңгелек үстел, аурухана дәрігерлерінің кездесуімен қыз балаланың физиологиялық дамуы бойынша түсіндіру, әңгіме жүргізу сабақтары өткізілді.




«Мұғаліммен оқушы арасындағы тиімді қарым-қатынас жасаудың жолдары» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Семинарда «Мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынас» тақырыбында баяндама оқылды. Семинарға қатысқан мұғалімдермен тренинг, психологиялық жаттығулар өткізілді. Тренингтің мақсаты мұғалім әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдауға үйрету. Дұрыс қарым-қатынасқа түсу жолдарын көрсету.

Аутодеструктивті мінез-құлыққа итермелейтін факторлар жайлы суреттер арқылы әңгіме жүргізілді.



«Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмаудың шаралары» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмаудың шаралары» тақырыбында Мырзахметова Гулнур баяндама оқыды. Семинардың мақсаты оқушылар арасында белең алып бара жатқан агрессивті мінез-құлыққа бой алдырмау. Семинарда диагностикалық, ағарту, алдын-алу бағыттары бойынша топтық жұмыстар өткізілді. **«Қазіргі ата-ана бейнесі»** Таубаева Салтанат және Омарова Назгул апайлар семинарға қатысушылармен сабақ өтіп, топтық жұмыстар жүргізді.






1-4 сыныптар арасында интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты оқушылардың ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін анықтау және дамыту. Сайысқа 3-4 сыныптар қатыстырылды. Сабақтың тақырыбы «**Алғырлар**»

аланы» және «Менің тапқыр досым» сабақ сабақ тартысты әрі қызық өтті. Оқушылар сабақ соңында өз ойларын айтып сабақтың олар өте қызықты және тартысты өткенін алдағы уақытта осындай сабақтар тағы өткізілуін ұсынды. Үздік қатысқан оқушылар марапатталды




Бастауыш сыныптар апталығында мұғалімдер арасында «Мұғалім бейнесі» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында мұғалімдермен психологиялық жаттығулар ойындар өткізілді. Тренинг өз мақсатына жетті.




8-4сыныптар ОЖСБ өткізілуіне байланысты. Қобалжуы басым сыныптарға психологиялық кеңес беріліп, қорқынышты жену мақсатында ойындар өткізіліді.



03-14 сәуір аралығында «Психология-ғажайып әлем» тақырыбында онкүндік жоспары жасалды. Онкүндік барысында оқушылармен «Салауатты өмір салтын қылыптастыру», «Кикілжің дегеніміз не?», «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу», «Ұлтық тәлім-тәрбиені насихаттай берейік», «Сезімнің ғаайып әлемі», «Толағай» спорттық сайыс сабақ, тренингтер, психологиялық сабақтар өткізілді. Жас мамандар және мектеп ұжымымен «Сенің көңіл күйің» тақырыбында диагностикалық жұмыстар жүргізілді.





Бастауыш сынып оқушыларымен ұсақ қол моторикасын дамытуға, терапиялар бойынша сабақтар жүргізілді.